

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

01.03.2021 ж.

дата

Алматы қ.

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ДОЛЖНОСТНАЯ ИНСТРУКЦИЯ

№ 12

г. Алматы

Бекітемін:


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
РММ Директоры

Абдрашев Б.Т.




2021ж. «01» 03

Бастауыш әскери және технологиялық дайындықтың оқытушы- ұйымдастырушысы

Өзірлеген:

Бастауыш әскери және технологиялық дайындықтың оқытушы-ұйымдастырушысы		Корганбеков Н.Т.	<u>26.02.2021</u>
--	---	------------------	-------------------

Келісілген:

Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	<u>26.02.2021</u>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	<u>26.02.2021</u>
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	<u>26.02.2021</u>
Зангер		Болсамбеков Н.А.	<u>26.02.2021</u>
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	4
3.	ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ	4
4.	ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	5
5.	ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	5
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ		6
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....		6

Лауазымдық нұсқаулық	БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	6-дан 2 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының негізінде әзірленді.

1.2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) бастауыш әскери және технологиялық дайындықтың оқытушы-ұйымдастырушысының (бұдан әрі – БӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы) қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

1.3. БӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы педагогикалық жұмыскерлер санатына жатады.

1.4. БӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы Алматы қаласы Бостандық ауданының Қорғаныс істері басқармасы бастығының келісімі бойынша Мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады.

1.5. БӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы Мектеп директорына және оның орынбасарларына тікелей бағынады.

1.6. БӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы төмендегілерді басшылыққа алады:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;
- 3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қорғаныс туралы», «Азаматтық қорғаныс туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғаныс мәселелері жөніндегі шешімдерін, АҚ және төтенше жағдайлар кезінде Мектептің жұмысын қамтамасыз етуді және БӘТД дамуының бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік-құқықтық актілерді.
- 4) педагогика және психология негіздерін;
- 5) қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды;
- 6) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;
- 7) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

Лауазымдық нұсқаулық	БӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	6-дан 3 бет

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

2.1. БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысының лауазымына жоғары кәсіби білімі және азаматтық қорғау (АҚ) бойынша арнайы дайындықтан өткен немесе запастағы офицерлер лауазымдарында жедел қызмет өткерген, жоғары (орта) әскери немесе педагогикалық білімі бар, кәсіби қасиеттері жоғары тұлға тағайындалады, оның жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

3.1. Өмір қауіпсіздігі негіздері және әскерге шақырғанға дейінгі дайындық курстарының ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады;

3.2. білім алушылар тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, олардың құқықтары мен еркіндіктерін сақтайды;

3.3. дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектепте оқышыларды оқыту ерекшелігін ескерумен БӨТД бойынша сабақтарды ұйымдастырып өткізеді;

3.4. оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, түрлері мен құралдарын пайдаланады, өз біліктілігін арттырады;

3.5. еңбек қорғау және білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша іс-шараларды жоспарлауға және өткізуге, Педагогикалық кеңестердің және директор өткізетін кеңестердің жұмысына қатысады;

3.6. денсаулық сақтау мекемелерімен бірлесіп, әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы ұлдарды әскери комиссариатқа тіркеу үшін оларға медициналық зерттеп-тексерудің өткізілуін ұйымдастырады;

3.7. әскери комиссариаттарға әскери оқу орындарына түсу үшін ұлдарды іріктеуге көмектеседі;

3.8. оқу-материалдық базаны құруды және жетілдіруді, өмір қауіпсіздігі негіздері және әскерге шақырғанға дейінгі дайындық курстары бойынша сабақтарды өткізу кезінде оқушылардың қауіпсіздік қағидаларын сақтауын қамтамасыз етеді, біржорлғы құжаттар бойынша жауапты сақтауға өзі қабылдаған АҚ мүлкінің сақталуына жауапты болады;

3.9. Мектепте, тұрмыста, қоғамдық орындарда педагогтің қоғамдық мәртебесіне сай келетін мінез-құлықтың әдеп нормаларын сақтайды;

3.10. Директор бекіткен кесте бойынша жұмыс істейді;

3.11. оқу жылының соңында өз қызметі туралы жазбаша есепті директорға тапсырады;

3.12. Мектеп директорынан нормативтік-құқықтық, директивтік және ұйымдастыру-әдістемелік сипаттағы ақпаратты алады.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысының мынадай құқықтары бар:

Лауазымдық нұсқаулық	БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОИ» РММ»	6-дан 4 бет

- 4.1. кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 4.2. кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
- 4.3. Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;
- 4.4. оқу мен тәрбие әдістемелерін, оқу құралдары мен материалдарын, оқулықтарды, оқушылардың білімін бағалау әдістерін еркін тандап пайдалануға;
- 4.4. басшылықтың қарауына БӨТД ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 4.5. комиссиялардың құрамына кіруге және БӨТД ұйымдастыру мен ішкі еңбек тәртіптемесін орындауға байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;
- 4.6. оқушыларды көтермелеу бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 4.7. оқушылардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауға және ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларына сәйкес оқушыға тәртіптік әсер ету шараларын қабылдауға;
- 4.8. өз құзыреті шегінде Мектеп мүдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;
- 4.9. БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысының Қазақстан Республикасының Конституциясында, Еңбек Кодексында, ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарында, мектеп Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында көзделген құқықтары бар.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексында белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

- 5.1. оқу жоспарына және оқу процессі кестесіне сәйкес оқу бағдарламаларының толық көлемінде іске асырылмағаны үшін;
- 5.2. білім беру процессі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығы, олардың құқықтары мен еркіндіктері бұзылғаны үшін;
- 5.3. Мектеп Жарғысы мен ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларын, мектеп директорының заңды өкімдері мен локальды нормативтік актілерді, осы Нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе дәлелді себептерсіз тиісінше орындамағаны үшін, БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексында белгіленген шекте тәртіптік жауапты болады.
- 5.4. БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте оқушылардың құқықтары мен еркіндіктері бұзылғаны үшін жауапты болады. Білім алушының тұлғасына тәни және (немесе) психикалық зорлық-зомбылыққа

Лауазымдық нұсқаулық	БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	6-дан 5 бет

байланысты тәрбиелеу әдістері қолданылғаны үшін БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы ҚР заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылуы мүмкін.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркеу күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Құжатпен танысқан адамның аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5

Лауазымдық нұсқаулық	БӨТД оқытушы-ұйымдастырушысы
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	6-дан 6 бет